

өзекті де руханият мәселелерінің басты бағыты: өмір мен уақыттың бағасын басты бағдаршам етеді; адам өмірі мен еңбегі, адамгершілік мұраттар сипаты айрықша ардақталады; жастық пен достық, махаббат тақырыптары кең түрде өріс алып, өнегесі

мен тағылымы кеңінен көрсетіледі. Қоғам мен адам, заман шындығы, әдеби шығармашылық мәні, өмір мұраты, дәстүр тағылымдары, тарих пен таным арналары әр қырынан көрсетеді. Олардың баршасында адам мұраты, өмір мәні, еңбек сипаты, сыйластық сыр-

лары арқау етіледі. Демек, Ә.Нұршайықов шығармашылығының негізгі өзегі – адам мен оның өмірі, адамгершілік мұраттары мен асыл қасиеттері болып табылады.

Бұл – ардақ тұтып, бағалауға әбден болатын асыл арналардың бірі.



Софы СМАТАЕВ, жазушы:

НАҒЫЗ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ ЖАРТЫ ҒАСЫР БҰРЫН БАСТАҒАН ЖАЗУШЫ

1 Көркем әдебиетке журналистикадан келетін шынайы қаламгерлердің өзгелерден гөрі бір айрықша қасиетті ерекшелігі – олардың өздерінің көзімен көріп, қолымен ұстаған өмір-ғұмыр түйткілдерін терең зерттеп, түбегейлі тексеріп барып, ақиқатымен айшықтап, шындығымен шығырта, шымырлата сендіріп, көпірме көбіксіз, жамау-жасқаусыз таза қалпында көз алдыңа қондыра білуінде ғой. Әзаға да сондай журналшылықтың ұлы мектебінен шыңдалып өткен әмбебап қаламгер. Сондықтан да ол қай тақырыпқа қалам сілтесе де, әділеттің ауылынан бір адым алшақ кетпей, үнемі адалдықты асқақ тұтқан публицистикалық сарынды туындыларымен оқырмандарының көңілінен

табылады да отырады. Сондықтан да Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы шыншылдығымен құнды, адам жанының жылылығы мен арының асқақтығын әспеттеуімен әсем.

Бүгінде қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын насихаттау дейтін қасиетті ұғымның баяғыда-ақ қаңғырып кетіп, қайырусыз қалғанын несіне дабырайта бересің.

Қазіргі кезде бір ғана адамның жолдаулары мен үндеулерін жалғанға жар сала насихаттау мен жарнамалаудан баспасөз бен басқасөз мамандарының аузы мен қолы босамай жатса, қазақ қаламгерлерінің «бөтен, бөгде» мүшелеріне сондай сыйлы сыбаға қайдан бұйыра қойсын. Әзаға да насихатталу

кезегі келешекте жетпесе, әзірше шаңын да көрсетер емес.

2 Әзілхан Нұршайықовтың әр кітабы, әр шығармасы – барша қазақ қауымына, әсіресе жастарға үлгі көрсетуде, өнеге дарытуда, тәлім-тәрбие беруде алдына жан салғызбайтын біліктіліктің мектебі екеніне ешкімнің дауы болмас. Нағыз рухани жаңғыруды осыдан жарты ғасыр бұрын жүрек қалауымен бастап кеткен жазушының барлық адам баласына ортақ тазалықты, шынайылықты, әділдік пен адалдықты алғы шепке шығарып, тек соларға ғана арыңмен, жаныңмен, барыңмен қызмет етудің қажеттігін үнемі уағыздап келгенін тағы бір ескерте кетуге мәжбүрмін.



Шоқан ШОРТАНБАЕВ,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы:

БАУКЕҢНІҢ ТЕКТІ ТҰЛҒАСЫН БАРЫНША АШЫП БЕРДІ

1 Оқырманның ыстық ілтипатына бөленіп, алғысын арқалаған, сөйтіп, шын мәніндегі халық жазушысына айналған қазақ қаламгерлері аз емес.

Осы орайда айта кету керек, жыл сайын Әзағаңның туған күні қарсаңында университетізде қаламгердің шығармалары бойынша көркем эссе, әдеби сын байқауы дәстүрлі түрде өтіп, онда шығармашылыққа жақын студенттер өз бақтарын сынайды. Қаламгер шығармашылығы туралы ізденімпаз жастар пікірін, жаңашыл көзқарасын біліп отыру да қажет, біздіңше. Иә, жазушы

шығармашылығының бірнеше буын ұрпақ өкілінің санасын шырмап, қызығына ден қойғызып, қиындығынан ой түйгізіп, сан мәрте басылып, әр кезең оқырманын рухани ләззатқа бөлеп, құрышын қандырып келе жатуында не құдірет бар екен? Әрине, жастық балдәуреннің көз тоймайтын, көңіл зерікпейтін шақтарының молдығы, қазақ жастарының бойынан мен мұңдалап тұратын табиғи қалпы, ұлттық мінезі, шынайы болмысы қаламгердің зерделетуімен көркем дүниеге ұласып, өмір шындығы көркемдік шешіммен шебер ұштасып, біртұтас өмір галереясын түзген. Өмірдің қызылды-жасылды жаз жайлауымен қатар қабаттасып, алмасып

келіп отыратын күрделі тұстары, беймаза сәттері де оқырманды бей-жай қалдырмайды. Шаттансаң, артық кетпеуге, қамықсаң да торықпауға үндейді. «Адамзатқа не керек, Сүймек, сезбек, кейімек» деп Абай айтқандай, туындыдағы сүйген жүрек, сезбек көңіл, кейіген дос өмірі де сендіреді, жастық жалыны атқақтап тұрған албырт кезеңнің опындырар сәтін де есіңе салып, өмір мектебінен тағылым түйеге жетелейді. Ойнақы, жеңіл болып көрінетін өмір керуенінің ойландатын да тұстарын орынды ескертеді. Махаббат жыры мен муңының астарына үңілтіп, өмірдегі өз «меніңді», адами қалпыңды, кісілік болмысыңды жоғалтпау басты парызың

Әзілхан Нұршайықов

екенін ұқтырады. Жастың да, жасамыстың да көңілінен шыққан жазушының туындылары ұлтының рухани қазынасына айналғаны ақиқат. «Махаббат, қызық мол жылдар» – бүгінгі таңда да оқырманның оқитын кітаптарының қатарында.

«Ноқтаға басы сыймаған» батыр Баукеңнің бар мінез-болмысын көз алдыға әкелетін, шынайы қалпында ашып беретін «Ақиқат пен аңыздың» аңызына сеніп, ақиқатын танып қаншама буын тәрбиеленді, қаншама Бауыржандар өсіп шықты (Кеңес заманының өзінде батырдың есімін ырымдап қойған 13 мың Бауыржан бар дейтін деректі білеміз). Аталмыш туындылар Әзағаңның даңқын асырды, оқырманның алдында абырой-

лы етті. Ел құрметіне бөленудің жазушы үшін қаншалықты мәртебе екенін өзіңіз-ақ парықтай беріңіз.

2 Адамгершілік, сүйіспеншілік, әдептілік, ибалық, рухани байлық, қайсарлық, міне, осының бәрі қазақ ұлтының бойынан табылған, табылуы тиіс құндылықтар деп есептесек, Әзілхан Нұршайықов шығармаларында аталмыш қасиеттер қазақ батырының, ұлт жастарының болмысынан, бойынан, мінезінде мен мұндалап тұрады. Қазақ қызының ел тамсантар қылығын, ұлының ел мойындар ұлылығын паш еткен Әзағаң шығармаларының тұтас ұлтты тәрбиелеуге қосқан қомақты үлесін байқамау мүмкін емес. Ұлт қаһарманы

деңгейіне көтерілген Баукеңнің текті тұлғасын ашар қасиеттерінің түп-төркіні ұлттық кодпен, текпен, қанмен тығыз байланыстылығы қаламгердің кейіпкерінің жан-дүниесіне терең бойлаудың, ерінбей ізденудің, талантты танудың сан қилы әдістерін шығармашылықпен игерудің мүмкіндіктерін терең зерделеуден, шын түйсінуден туғанын байқаймыз. Батырдың боямсыз өмір ағысындағы, қатал майдан даласындағы мінез-болмысын шеберлікпен суреттеп таныта алған Әзілхан Нұршайықовтың да парасатты тұлғасы, кісілік, кішілік келбеті оқырманның көз алдында абырой биігіне көтерілгені шындық. Біздіңше, жазушы бақыты дегеніміз осы.



Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры:

ӘЗАҒАҢНЫҢ «КӨЗІРЛЕРІ» – ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ МЕН МІНЕЗ ТҮЗУЛІГІ

1 Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы жарқылдаған жауһардай көп қырлы, мың сырлы. Ол журналистиканың негізгі жанрларынан бастап, күнделік-эссе, әңгімелер, повестер және романдар жазды. Ә.Нұршайықов кітаптарының қай-қайсысы да тартымдылығымен, терең мазмұндылығымен, жеңіл оқылуымен оқырманды бірден баурап алады. Кез келген туындысы алғашқы сөйлемдерінен бастап еріксіз жетелеп ала жөнеледі. Ал мұндай жазушының мыңдаған оқырмандары алдында кеңінен танымал болмауы мүмкін емес.

Құндылығы туралы айтқанда, қаламгер шығармашылығының жасандылықтан ада, табиғи сипатын бөле-жара қарастырған абзал. «Махаббат, қызық мол жылдар» романы ғаламтор ғажайыптары жастарды баурап алғанына қарамастан неге күні бүгінге дейін жаппай оқылуда? Өйткені бұл романның кейіпкерлерінде жүректі баурап алатын таңғажайып табиғилық пен тағдырлар тайталасы көз алдыңыздан риясыз түрде тізбектеліп өтіп жатады. Өзіне ғана тән образы қалыптасқан кейіпкерлер галереясын Әзағаң асқан шеберлікпен сомдап шыққан: әрқайсысында қайталанбайтын мінез бар, өткен ғасыр оқиғалары болса да сезім сапырылыстары, тағдырлар тоғысы оқырманды магниттей тартып алып, «жібермей» қоюы бұл туындының классикалық деңгейге көтерілгендігінен хабар беріп тұр. Бұл туынды болашақта да оқырмандарды баурай беретін болады. Өйткені ол – жүрек түкпіріндегі әркімнің өзгеге құпия сезім иірімдерін әлділейтін, «қайдағы-жайдағыны» еске түсіретін жүрекжарды нән шынайы шығарма. «Ақиқат пен аңызды» алыңыз.

Халқымыздың даңқты перзенті Бауыржан

Момышулы туралы аз жазылған жоқ, өзі туралы Баукеңнің қаламынан да қаншама шығарма дүниеге келді. Алайда Әзағаңның роман-диалог форматында жазылған бұл туындысы жүздеген мың оқырмандарын дүр сілкіндіріп, туындының бірнеше мәрте ірі таралыммен шығуы көп жайттан хабар берсе керек. Мемлекеттік сыйлықпен атап өтілгені былай тұрсын, бұл романдар оқырмандар халқымыздың біртуар перзентінің ерліктерінен ғана емес, адами бейнесінен, тектілерге тән өжет, өр мінездерінен, терең білімділігінен де хабардар болды. Сонымен қатар бұл роман ұлттық менталитетімізді асқақтата көрсеткен ҒАСЫР туындысы десек артық айтқандық емес. Уақыттың кертартпа кезеңінің әділетсіздігінен роман-диалогтың қомақты, сүбелі тұстары қысқартуға ілінді, «саясатқа үйлеспейді» деген сылтаумен. Бұл туралы кезінде Қазақстанның халық жазушысы, сол кітаптың редакторы болған Қабдеш Жұмаділов ашына жазған еді.

Насихатталу деңгейіне келсек, екіншіке қарай бұл шаруа ақсаңқырап тұрғаны жасырын емес. Әрине, Әзағаңның балалары, ұрпақтары түрлі мерейтойлары тұсында бірқатар шараларға мұрындық болып тұрады. Ондай атаулы шаралардан біздерді, жазушының зерттеушілерін де сырт қалдырған емес. Өз басым ол кісі туралы 35 баспа табақ «Әділі Әзаға» атты естеліктер кітабы, «Деректілік пен көркемдік» атты монография жариялап, бірнеше рет Әзілхан Нұршайықов шығармашылығына арнап республикалық ғылыми-практикалық конференция өткіздім әрі ол кісі туралы әзірленген телехабарларға қатысып тұрам. Дей тұрғанмен, осының өзі теңізге құйылған тамшы тәрізді. Әзағаңның шығармашылығын кешенді зерттеу келешекте жүйелі түрде

қолға алынуы қажет. Менің есептеуім бойынша Ә.Нұршайықовтың 20-25 томдығын шығаруға болады. Ниет болса, қаржы жағы шешілсе атқарылар тірлік ұшан-теңіз...

2 Рухани мәселелер – қай шығарманың да тіні, бағыт-бағдар барометрі. Әзағаңның көркем шығармаларының алтын арқауы – адами қасиеттер, кісілік болмыс көкжиектері. Әр туындысында кейіпкерлерінің бойына адамгершілік дәнегін егіп, соны күтіп-баптайтын бағбанды көз алдыңызға елестетесіз. Жазушы үшін жан тазалығы, мінез түзулігі, адалдық, парасаттылық ерекше маңызды. Кісі ақысына қол сұқпау, мейірімділік, кішіпейілділік, кісілік әр туындысынан атойлап көрініп тұрады. Бұл енді Әзағаңның «көзірлері». Оқырмандарының жазушы кітаптарына үйірсеңдей беруінің бір сыры осында жатса керек. Себебі күнделікті күйбең тіршіліктен шаршаған жандар мөлдір булақты іздегендей күй кешкенде Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларын қолға алары ақиқат. Расында, мінезі жайдары, адал да әдепті, мәдениетті, биязы, адамгершілігі жан сүйсінетін кейіпкерлермен қауысқан оқырман демалмай қайтсін!

Оның үстіне қазіргідей айналаны интернет пен ватсап «жаулаған» заманда ақша қардай аппақ таза сезімді, сүйкімді де сүйікті, мінезі жібектей есілген аяулы ару мен адамгершілігі асқақ азаматты оқырмандар кітаптардан іздей бастағаны белгілі. Ал ондай кейіпкерлер шоғыры Әзағаңда жеткілікті. Сондықтан Қазақстанның халық жазушысы, классик қаламгер Әзілхан Нұршайықов туындылары талай ғасырдың оқырмандарының рухани азығы болатынына сенімім зор.

Дайындаған САНДУҒАШ ТҮСЕН